

Медиа
Калъын
Алтын Орда

Еспубликалық газет
000 жылдың
1 қантарынан бастап
жыға бастады

Бірінді, қазақ, бірің дос, көрмесең - істің бәрі бос!

АЛТЫН ОРДА

4 тамыз 2011 ж.
Бейсенбі
№ 31 (601)
www.aorda.kz

Қазақ тарихы әлі
толыққанды зерделеніп,
зерттеңіп біткен жоқ. Ары-
сын қойғанда, XII-XIII
ғасырлардағы екі жұз жылға
жуық созылған қазак-
қалмақ соғысының шын си-
паты толық ашылмаған.
Бұған қазақ-шұршіт,
қазақ-бұқар, қазақ-хиуда
шайқастарын, одан соңғы
орыс отарлауы кезеңіндегі
турлі қақтығыстарды
коғыныз.

Мәселен, көпшілік қазак-
калмақ соғысын бүгешігесіне дейін білмесе
де, әйтеуір, ол соғыстың болғанын, сол дәүірдегі атабабаларымыздың қатты
зардал шеккенінен жалпылай хабарлар. Алайда,
тап сол заманда, нақтылап
айтқанда, 1740 жылдан
бастап 1846 жылғы Кенесары хан өлтірілген
аралықта дейінгі үақытта
болған қазак-қырғыз жауласуын біле ме? Мұндай
ауқымды тарихты тереңдеп,
таразылау үшін том-
том енбектер қажет. Десек те, біз жоғарыдағы
кезең-кезенге болінген
тарих оқиғалардың
Оңтүстік қазақтарына
қатысты тұстарын ретінен
қарай қысқа да нақты
тұжырымдармен жазсақ
па деген ойдамыз. Бүгінгі
әңгіме XVIII ғасырдың
екінші жартысы мен XIX
ғасырдың басында өткен
қазак-қырғыз қақтығыстары
туралы болмақ.

Эу баста қазак-қырғыз бір тудын астына бірігіп, Алаш ұранын көтеріп, қалмакқа қарсы бірлесіп күрес жүргізген. Одан қалса, «ауылы аралас, қойы қоралас» дегендей, төскейде малы, төсекте басы қосылып, жұбы жазылmas ағайынды жүрт катарамы күн кешкен. Сонау 1533 жылғы қазак-қырғыз бірлескен колынын монгол-өзбек біріккен аскерімен соғысқан ыстыққөл жағалауындағы атақты Сантас шайқасынан кейінгі уақытта на-мысы бір, қазаны ортақ, тіпті Касым дәүірінен, Тәүке заманына дейінгі қазақ хандарын өз ханда-рымыз деп танып келгенін бауыр-лас қырғыздар – біздің жерімізден қалмактар ысырылмай жатып-ак, Оңтүстік өнірі мен Алатай етегін жайланаң ру-тайпаларға жау болып шыға келеді. Бұл жаулықтың бірнеше тарихи себептері болды.

1723-25 жыллары қазақ-қырғыздың басына төнген зор нәубет – «Ақтабан шұбырыны» кезінде Жетису мен Ташкент, Шу, Талас басы мен Балқаш арасын жайлайған қазақ һәм Алатаудың бергі етегін қоныстанған қырғыз ру-тайпаларының тоз-тоздары шығып, бірі Сыр мен Арқаға карай жосылса, бірі тау асып, шатқалдар арасын қоныстанған. Сыр бойымен Арқаға карай жосылаған, әлбетте, казактар еді. Дегенмен, қазақ қарап жатпады. Жан-жақтан сарбаз құрып, жонғарға дүркін-дүркін шабуылға шығып отырды. Осындаи тайталасты кезеңде дүрбіт-ойраттар басып алған жерлерінде қалын қолды ұстап тұруға мүмкіншіліктері болмады. Олардың әскерінің бір бөлігі Шығыс-Түркістан жакта Цин / Қытай/ патшалығымен соғысып жатса, екінші бөлігі қазақтарға карсы тұруға мәжбүр болды. Бұл кезде Алатау асып, біршеті Ферғана аймағына жеткен қырғыздардың қазақпен карым-катынассы мүлде үзілген-ді. Ферғана мен Ташкентке жакын қоныстанған қырғыздардың кейбір билері бірте-бірте күнейіп

Абылай ханың айбары

қазақ-қырғыз қақтығысы қалай шешілді?



бектерімен, бір бөлігі Онтүстік Қазақстанды билеп тұрган қалмак тайшыларымен жақындаса ба-стайды. Сарыбағыш руынан шыққан Қекім деген қырғыз бій ойраттың Ташкент аймағындағы билеушісі Мәнжі деген тайши-мен қатты достасып кетеді. Мәнжі Қекімді Піскент аймағының билеушісі етіп тағайындаиды.

Бүкіл Жетісу мен Оңтүстік Қазақстанды тізгінде ұстаған жонғарлар енді Арқа мен Ұлытау төнірегін, сондай-ақ Ұлы жұз жерінен ығысқан казактардың негізгі шоғыры орналасқан Сырдың орта ағысы мен төмөнгі жағасындағы ұлан-байтак жерлерді басып алуды ойлады. Осы мақсатпен Сыбан Рабтан жаулаушылық тәсілін өзгертип, Сарыарқаға 1739 жылғы қыстын бас кезінде шапқыншылығын ба-стайды. Оған Жетісу мен Оңтүстік Қазақстан жеріндегі қалмактардан 30 мындақ шерік құрап алған Лама Доржы қөмекке үмтүләды. Ташкент аймағының билеушісі Мәнжі де өзіне карасты әскерді алып, Лама Доржыға қосылуға аттанады. Аттанып бара жатып, Піскенттен шұғыл түрде Көкімді шақыртып, оған Ташкент билігін тапсырады.

Бірақ осылай деп көкіген Мәңжіні де, билікке жетіп, кекірейген Көкімді де тәнірлері қолдамады. Мәңжі Балқаш бойындағы соғыста өлеі деге, Көкім Ташкент ұлысбетін лауазымын жарты жыл да атқара алмайды. Дұлаттың Жанысынан шыққан Бәйтік бидің қолынан қаза табады...

Ол аз болғандай, Қекім өлігінен соң Бұршімолда, Шатқал, Азықтауларының етегінде шоғыршоғыр айыл болып отырған қырғыздар да атқа қонып, бергі ойдағы – Шыршық жағасы мен Тойтөбе төнірегінде орналасқан қазақ мекендерін шашып, үләрадай шулатады. Найза көтеруге жарайтын ерек кіндіктінің бәрі батыларға ілесіп, алыста жүргесін, тапа-тама түстеге ауыл үстінен ат ойнақтаткан қырғыздарға кемпір-шал мен бала-шаға қылар айла таба алмай таяқтан өлгені өліп, басы жарылып, көз шыкқандары еніреп қалағандар.

пен Сарыарка жерінде бір-жыл бойы жүргізілген соғыста казақтармен иткіңдегі түсінек қалмактардың көп колы Ташкентке қайта оралады. Содан 1752 жылға дейін Ташкент пен Онгустік өнірі қалмактардың коластында болады. Қалмакқа арқасуйеген және Қоқім кегін бір күнде естерінен шығармаганды Шатқал мен Өгем тауларының арасындағы қырғыздар етектегі қазақ ауылдарының майдарын ашып құйде барыталац, түп-тура он екі жыл бойы тыныштығын алады.

ХVII-ХVIII ғасырлардағы Ташкент манайының тарихын зерттеуші өзбек және тәжік тарихшыларының енбегінде қазак тарапынан қырғыздарға алғашқары шығып, күрес бастаган Бердіқожа батыр болғаны көрсеттіледі. Мәселең, Сәпиең өзінің «Ташкент тарихының жазбалары» атты шығармасында оны Чанишкелу Бердықа Баһадұр деп жазады. Тәжік тарихшысы Н.Иқрұмов болса, «Хоженам тәжіктері һәм қазақтар мен өзбектер» деген кітапшасында Чанышқал Бирдикож деп көрсеткен. Мейіл, кім калай жазса

да, оның Шанышқылы Бердіқожа екені даусыз. Оның ата тегі Қатаған-шанышқылының Дархан тармағына жатады. Бердіқожаның Ташкент маңының тумасы екенин рас. Жонғар әскері бұл жерде жаулап алғанда қол бастал, ба тыр атанған. Содан кейін Арқа Балқаш, Сарысу өнірлерінде басқа батырлармен қосылып күба қалмакқа қарсы шайқасқан 1738 жылы Ташкентті қазактар уақытша басып алғанда осы соғыстың бел ортасында жүрген Бәйтік Қекімә өлтіріп, Арқаға қашып барғанда Сарысу бойында мын колды басқарып жүрген Бердіқожаны тауып алады. Бәйтік соңда Ташкенттегі қырғыздардың казаққа жасаған қысастығын айтады. Содан Бердіқожа үш мәрте Сыр бойын жағалап, Ташкентті айналып келіп, Бегабад жақтан Шатқал, Шымған тауарының етегінегі қырғызаарды шабады.

Казақ-қырғыз шешіре жазбаларында да, мұрагаттың күжаттарда да екі бауырлас елдін жағаласуының алғашқы себебі – Бәйтіктің Қекімге у беріп өтірғен шатағынан басталғандеп көрсетіледі. Одан кейін Бәйтік есімі түк атамайды да, казақ-қырғыз арасындағы ұзақ уақытта созылған шабыстың басында Бердіқожа батырдың аты турады. Ол ау баста Ташкентте қырғыздар қоынан мерт болғандың көзқаралығынан мөрт болған бастаған. Қырғыздарың ондағы әрекеті белгілі-тін Қекімнің өлігін үшін кек кайтарған. Ол кездеңін елеңдегендегі басқарған билер мен батырлардың үстанимдары мен көзқарастары бойынша, екі жұрт арасындағы дау күнмен өлшенген. Шаһардағы калмақ тайшыларының кенесімен қырғыздар Қекімнің өлімін бірнеше жұзденген казақтың өлім құнына тен деп, казақ сезін үстағандарының уәждеріне де пысырмай, ұлы жұз бен орта жұздін қашама өкілдерін қырып салған. Сөз бен уәжге дес бермей қырғынға барған қырғыздарды Бердіқожа батыр мен оның айналасындағылар “канға-кан” деген қағиданы басшылыққа алып жауласуға кіріскең. Сөйтіп, жетпіс жылға созылған казақ-қырғыз шабысы айында түрде басталады.

1754-55 жылдары қазактың барлық жері қалмақтардан таза-ланады. Біраз жыл қалмак иеленген Онтүстік пен Алатау етегінде кен байтак жер босап қалғанда көрінеді. Осы тұста ілкідеп калмақтан ығысып, Алатаудың аргы койнауларына кіріп көп кен қырғыз рұлары Шу, Талас, Құлан, Шырышқы, Ұшалматы, Іле, Караптаудың онтүстік, онтүстік шығыс жағындағы ұзына бойы созылған жерді иемденіп қалған ушин етекке түсептейді, қазақтар ныза көтеріп, қылыш сілтеп, ат ойнақтатып түседі. Тау етегінде жайлаған Ұлы жұз бер Орта жуздең рұлары оларға өз жерін тегіннен тегін бере қойсын ба? Осымен қазак-қырғыз жауласуының екінші тарихи себебі туындаиды.

Осы жауалықтың болмысынан біздең жауаптарынан көріп, тарихи

на бізден кейір тарихшыларымызбен қатар, қыргыз шежірешілері мен жазбагерлерде көбірек дән койып, біртала хатқа түсken мұралар қалдыраған. Мысалы, тау арасы жұртының атақты шежірешісі Альберт Ақылбекұлының “Қыргыз руладының чығышы” Б.Солтоноевтін “Қызыл қыргыз тарихы”, С.Закировтың “Қыргыз санжырасы”, Т.Чорокегин, К.Мондоқасымовтың “Қыргыздардың байыргы заманнан тартилген бүгінгі күнге дейінгі тарихы”, С.Аттакуровтың “Қыргыздар XVIII-күйімда” сиякты енбектері мен өзіміздің Мәшін Жүсіп пеш М.Тынышпаевтың көне деректерге катысты шығармаларында, сондай-ақ М.Магауин, Ү.Буркітбаева, А.Махаева сынды жазушы, ғалымдарымыздың, сонымен қатар Ф.Киреев, Г.Супруненко, Т.Андреев тәрізі орыс ориентаристерін зерттеу мақалаларында атамыш соғыс жайында көптеген мағлұматтар мен нақты деректер көлтіріледі.

Қырғыздарын Сарбағыш, Сокты, Саяқ, Бұғы сиякты ірі тайпалырынан тараған руладын көпшілдік қалмактар Жетису мен Талас өзінін ынаң кетпей түрганда олармен достасып, ыстықкөлдің казақукараған беті мен Шу өзенінің Үшаматы, Үшарал, Ілеңін сол жағалауынағы Сарытаукум.





жайлайын жайлай бастайыл.
Будан кейін жонғардың әлсірей
бастағанын, әрі түбі ел болмасынын
сөзеген олар – казактар Жетісуда
калмақтарды қирытап жатқанда
ыстықкөл мен Шу арасындағы
дүрбіт-ойрат қолдарын талқандап,
сол жерлерге орнығып алады.

Бұғы руының Тынай би, Садық би, Саяқ руынан Кашике, Атаке, Ердік батырлар ыстыққелдін Алматы жақ беткейіндегі Торайғыр асуының етегіне қоныстанады. Құссы, Сары, Қытай рула-ры бұрынғы бабаларымыздың қонысы деп, батысы – Талас, шығысы – Меркеден ыстықтатаға жайин орын тебеді. Арада біраз үақыт өткенде бұлардың барлығы казак жеріне ішкөрлей еніп, Тараз, Түймекент, Қурағаты, Шоқпар, Құлан төнірегін бауыр-

Кыргыздар қазақтарға Ілеңін үзына бойын, Үшаралды босатып, Арқаға қарай көшіндер деп,

Бұл кезде Жетісудағы
қырғыздарды Сарыбағыш
Болатұлы Есенқұл билеп тұрған.
Талас аяғындағы Капқа деген жерде
отырған Саяқтың Кабасынан
шыққан Садыр қырғызының
бәрлік батырларын жиып алды,
зактарты Шымкенттен асырып
куйп күстеймиз деп үйғарым
жасайды. Артынша көп колмен
аттанған ол дегеніне қол жеткізеді
және Талас аяғындағы Капқа
жазығы мен Қаратудың Шаянға
асатын бел үстінен екі корған салда-
рып, екеуін де "Садыр камалы"
деп атайды. Оған қоса: "Коқи-
казак, енай сонау Жетісудан ба-
стал, Қаратай, Шымкентке дейінгі
жерден дәмеленбесін!" деп
айналға жар салады.

Садырдың бул қылышына
назаланған Ұлы жүздін беделді
бімері мен Бердікожа батыр Та-
лас жактан арыз айтып келген
казактарды ертіп, Карапатудын
батыс жақ етегіне ордастын
тігіп отырган Абылайга бара-
ды. Бұл уақытта Абылай әлі хан
болмаса да, бар Алашқа сөзі
жүртеп сұлтанға айналған екен.
Келушілердің арызын тынаап
болғасын ол: "Бір жағым - Кокан,
бір жағым - Қытай, бір жағым -
орыс анталап тұрғанда, азырак
қырғызға қызықтай коя тұрсақ
деп едім. Казак-қырғыз бір үрүк
едік. Бәйтік Ташкенге ие боламын
деп, Қекімге у беріп, солан арамызы
бұзылды. Калмактан жана құтылып
отырганда, қырғызға карсы
соғысадай деп отырыснадар. Кокан
қытай, орыс шүшеуінің бірі алда
жала бізге көм салса, бурыннан
бір тұкымды бол үйлінін баласы
едік, бір комегі тиер еді", - дейді.
Бердікожа мен Жәнек батыр-
лар оны тындалмай, Орта жүздең
Найман Коюжарды баракқа бара-
ды. Барак Бердікожаның айтканын
макул көріп, Аргын-Найманнан

біліп отырған қырғызының бас биң
Есенқұл Кашықе, Кебек, Бөлекбай
 билерді шақырып, қазақтардың
 қол күрүп жатқанын айттып, да
 яр тұралық дейді. Бұл уақытта
 Қекжарлы Барак бастаған Үйсінші
 Арғындар Қастектен асып
 Бораллайдығы Қашықе батырдың
 ауылна қол туисірелі. Даир тұрган
 Солты, Сарыбағыштар атқа қонып
 соғыс басталады. Есенқұла Шу
 бойынан көп әскермен келген Салың
 дыр қосылады. Шайқаста қазақтар
 жағы женіліп, Барак, Жәпек
 Қаумен, Жайсан батырлар өлеدі.
 Осы жеңіске масаттанған Салың
 дыр бұрынғыдан да күтырынып
 Созак пен Шолаккорған жақтаған
 Қонырраттарды, Наймандаларды,
 Келес, Казығұрт маңындағы
 Дулат-Сіргелілерді, Қанлы
 Шанышқылыларды шауып, көп
 мал-мұлік иеленеді. Есенқұл болса
 Іле бойындағы Ұлы жұз руларын
 күп, Балқаштан асырып жібереді.

1760 жылдары қазақ-қыргыз арасындағы шиеленіске Қытай да араласып, екі елге “тату тұрындар” деген инеттеп елшілер жіберген. Соған қарамастан, 1764 жылға қарай Қытаймен шекаралас өнірдің жайлаған Ұлы жүз бен Орта жуз қазақтары Шығыс Түркістандың қырғыздарының үш рет шабудына үшірдайды. Оған тойтаптырыс беру үшін Абылай сұltан езіне қарайтын руладан көл жиып, жорыққа дайындала бастайды. Мұны естіген Шығыс Түркістандың қырғыздары дереке Қытай мемлекетінен өздерін Абылай шабуылынан құтқаруды өтінеді. Қытайлар Абылайға елші жіберіп шығыстүркістандықтардың жіберген кателіктерін кешірудің күтті. Әм болардың бұдан байлай мұндай қатырезілкке бар майтындарына сенәріп, шабыстың тоқтаталы.

1765 жылы онтүстікегі
қырғыздар Коқан билеушісі Ер-
дана бимен бірігіп, Ташкентті
казактардан тартып алмакта
кіріседі. Бұл уақытта Ташкент Төле-
бидін кенже ұлы Кожамжардың

іншілгінде-туғын. Мұны естіген Абылай Түркістан бегі Балдыбек төреге Қожамжарға болсып, әскери көмек беруін сұрап, жауыш жібереді. Балдыбек Абылай етінішіне құлақ аспайды және Түркістан ендігі уақытта қазак билеушілеріне бағынбай, дербес үалаятқа айналытынын мәлімдейді. Жаушылардың осы хабарынан соң Абылай Таңкентке аттанады. Жолда Түркістандағы Балдыбекті таубесін көлтіріп, ары қарай Ердана бек пен қыргыздар қоюн шабуға кіріседі. Екі қол Таңкент тубінае кездеседі. Коқанықтар женіліп, Ферғанаға шегінеді. Таңкент бұрынғыдай қазактардың қолына өтеді.

1771 жылы құзге қарай Еділде жатқан жонғар торғауыттары қытайлар қырып тастаған ойрат жүртүнә барып қоныстану үшін Даілай Ламаның шакыртүмен казақ жерін кесіп өтіп, шығыска бет алады. Тарихта “шанды жорық” деген атпен қалған осынау көш, қазақ даласынан тыныш өтпей, жолындағысының берін жаптырып кетеді. Алаш үрғығының қалмаққа деген кегі әлі басылмаған кез. Кіріптар күймен келе жатса да, жол-жөнекей соғыс салып, қырғын үйімдастырып алға жылжыған қалмак-торғауыттың қылығын естіген казақ батырлары дереу Балқаш бойына жиналып, жауды тосады. Мұнда да үлкен үрсы болып, ол бірнеше айға созылады. Казақ сарбазлары осы соғыста жүргене қырғыздар жағы құтырынып, Оңтүстіктің біраз жерлеріне тағы ылаң салады.

1773 жылы Абылай қырғыза екінші жорығын бастайды. Бұл жолы Шу, Талас бойындағы қырғыздарды шауып, оларды біраз уақытқа тыныштандырып қайтады. Эйтсе де, үш-төрт жылдан кейін екі ел арасында тағы да есkeи дая қозып, барымта мен кезек-кезек шабуыл үдей туследі. Мұндай бейбастықта төзімдері таусылған қазақ билері мен батырлары жиналып, Арқада жаткан

Абылайға барады. Садыр мен басқа қырғыз манаптарының әбден тізесі батқанын айтып, атыс-шабысты тоқтатуды сұрайды. Абылай ағайын қырғыз халқын шабуға әүелде макұл болмайды. Ру батырлары мен би-басшылары ақылдасып, Бұқар жырауға "Абылайды сен көндір" дейді. Сонда Бұқар Абылайға:

Ей, Абылай ханым,
Кыргыз көкжарлы Бараңты ал-

Сарт пен қазақты алды,
Шолаккорған, Созақты алды,
Енди сені алмағаны аз-ақ қалды!..
— лейлі

Абылай осыдан кейін ұшып тұрып, сырттағы үш жүздің илі жақсыларының алдына шығып: "Рас, сендер айтқан Садырдың қылығын айтып, "тыныш жатқан елге бүлік салған. Біздің батырлардікі де айып, жортуыл жасап, өздері барған. Мен "көй" дегеніммен, берібір қоймайдыңдар. Анау тұрган Бердікожа да қоймайды. Мен қырғыз деп аттанбаймын, Садыр деп аттанамын!" – дейді.

Содан ол Байғозы, Бердіқожа, Жауғаш, Жарылқап сиякты ба-тырлар бастаған бес мын қолды бастан, Сарысу бойымен келеді де Созак, Шолақорған, Түркістан, Сайрам, Шымкент, Катағантебе жактағы жерлерді қыргыздардан босатып, Ташкентке келеді. Ташкентте жатып, арадағы шатакты бейбіт жолмен шешуді ой-лап, қыргыза елші жібереді. Өз кезегінде қыргыздың Есенқұби Кебек бимен келіс отырып, Жамансарттың сөз білетін жи-ырма бір жасар ұлы Тілеубердіні бас қылып, Ташкентке қырық елші жібереді. Келген елшілердің бір тобы Абылайға: "Садыр мені "хан" деп танысын деп айт-ты", - дейді. Абылай үндемей қояды. Содан екі жактың сөз ұстагандары "шатактың басы сен-дерден бастанған" деп бір-бірін айыптап ұзак сөйлейді. Бір кезең бағанадан бері үндемей тұрған жас Тілеуберді сөйлейді. Ол шатактың басы Бәйтік Қекімге у беріп өлтіргенінен бастанған деп, ұзак үақыттан бергі кикілжінді саралап, аяғын Бердіқожа мен Садырдың тірлігіне әкеп тіреяді. Содан қазақ пен қыргыздың ежелден дос, бауырлас халық екенін айта келіп: "Кұдайдың жеріне таласып, бір-бірімізді қыра береміз бе, жок әлде, мәміле жа-саپ тоқтасамыз ба" дейді. Оның сөзі ойынан шыққанына разы болған Абылай: "Сендер Садырга айтындар. Бұдан былай елді шап-пасын. Өзінің жеріне кетсін де ты-нышталсын. Ал біз Бердіқожаны көмірай" дейді.

Күйдіралық, – деді.

Қырғыз елшілері осы сөзді құп көріп, өздерінің бас біг Есенқұлға Абылайдың сәлемін жеткізеді. Есенқұл “ендігірі” казақта тииспесін” дег Кебекті Садырга жұмсады. Садыр өзін ханымын деп кекірейіп түрған кезі екен. Жанағы сөзді естігенде: “Мені хан деп таңымаган Абылайға кересіні көрсетем” дег шаптығады. Бұл – 1779 жылдың жазындағы уақыға.

Екі елдін арасын бейбіт жолмен елдестірудін мүмкін еместігіне көзі жеткен Абылай амалсыздан қыргыздарға қарсы шешуші соғысты бастанды. Эскерін үш қанатқа бөлген ол, Бердікожа бастанған қолды Садыр отырған Таласқа жібереді. Екінші қолмы Корагатының басындағы Солтыларға жібереді. Үшінші қолды Абылайдың өзі бастан, Жауғаш, Жарықап батырлармен бірге Әулиеатаға келеді. Бердікожа Садырды тырп еткізбей басып қалады. Абылай Әулиеатаны оп-онай бағындырып, екінші қол кеткен Солтыға қарай аттанады. Солтылар Корагатының беліне бекініп алғып, Момакан, Жайыл, Кебек билер мен Үсен, Теке, Итеке батырлары қазақтарға қатты қарсылық корсетеді. Абылай келгесін оларды женіп, қарсылыстың басты адамдарының бәрін тұтынға алады.

Казақ-қырғыз шабысы аяқталған соң 1780 жыны екі елдін шекара мәселеңі бойынша келіссөздер жүргізіледі. Қырғыздың бас адамдары Есенқұби, Кебек би, Тума би, Кашике батыр өзара ақыласа келіп, Жамансартыұ Тілеуберлін тағы да Абылайға елшілікке жібереді. Абылай Тілеуберлінің қабыл алып: “Жараптастың шарты мынау: Таластың сүзы – су шек болсын, Үргайтыға дейін қазақ қалдырасын”, – дейді. Сонда Тілеуберді: “Сіз Таластың сүзы, Қүйіктің белі, Кішібұрыл, Шоңбурыл түсы тау шек болып, аргы Қорагатыны жиектеп, Түгісkenge келіп, Ұланның үршығын басып, Тескейге түсіп, Үргайтыға дейін жетсін дейісіз. Менін buquerque қосарым: бұл жерлерде қырғыздың қаны көп төгілгенін білесіз. Сондықтан шекара – Шоқпардан тартып, Ілеге барып, Сарытауқұмынан тоқталсын”, – дейді. “Ойбай-ау, бұл не деп тұр?!” – деп қазақтар жағы жапырлайды. Абылай Тілеубердіге қарап: “Казақтар бізге не қалады” деп түрғой”, – дейді. Тілеуберді тағы шап етіп: “Тақсыр, қырғыздың азайып қалғаны – тау арасынға кіргендігі мен жарымы Ферғана жаққа ауып кеткенайтін ғой. Қүйіктің белі мен Бурылдан Бетегелі Койтаска дейін қанша жер? Одан тартып, Тұмекенттен Таластың аяғы қанша жер? Ұланның үршығы менен Шоқпардан бергі ылды қанша жер? Хан тауы, Байғара, Әулиеатаға дейін қанша жер? Іленін бас жағы қанша жер?” – дейді. Абылай Тілеуберлінің сезінен тоқтап, Таласқа дейінгі жерде иелігіне алады.

Осы бітімнен кейін қырғыздар Іле бойын, Шу мен Таластың орта тұсын қалдырып, көшіп кетеді. Сарытауқұм мен Шоқлар қазактарға қалады. Сөйтіп қазактар Алатаудан Іеге, Күйіктің бас жағынан Қаратаядың өн бойы мен Шымкенттің таулы өнірін, ал қырғыздар ыстық қөден Шудың басына дейінгі жерді алатын болып сөз байласады. Абылай бекіткен сол меже осы қунғе дейін екі едін шекарасы болып тұр.

Мениң бүгінгі мақсатым – XYIII ғасырдағы қазак-қырғыз қақтығысының неден туындал, қалай аяқталғаны жайында шамам келгенше оқырмандағра қысқаша мағлұмат беру еді. Қазір қазак пен қырғыз - өркениеттің биік сатысына жеткен азаматтар тұратын жеке-жеке тәуелсіз ел. Олар тарихты білуге құмартқанымен, өткен күндердегі көзқарас өлшемі бойынша, болмайтыннан дау, жоқтан ереңіш шығаратын пайымсыз емес. Тәуелсіз ел демекші, біздін казіргі негізгі ойымыз – үстіміздең кезенде өз алдымызға тәуелсіз ел болғанша қанадай тарихи баспадақтардан өткеніміздің бір парасын, оның ішінде Онтүстік қазактарының таяу ғасырлардағы бастаң өткергендерін айшықтай беруға болатын.

Момбек Эбдекімұлы
шежіреші